

**«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылы
Ата-аналармен жұмыс бойынша жүргізілген жұмыстардың есебі**

II жарты жылдық

2025 жылғы қаңтар айында мектеп кітапханасында "Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің рөлі" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Р.Н. Айтекенова** мен кітапханашы **Ж.А. Қыдырбаева** ұйымдастырды.

Дөңгелек үстелдің мақсаты — отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына, олардың денсаулығы мен рухани тәрбиесіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау және оларды үйлестіру жолдарын талқылау.

Іс-шара барысында ата-аналар, сынып жетекшілері мен оқушылар арасында ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар, мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі бірлескен әрекеттері туралы маңызды ойлар ортаға салынды.

Қорытындысында қатысушылар бала тәрбиесінде ата-ананың үлгісі мен мұғалімнің бағыт-бағдарының маңыздылығын атап өтті. Іс-шара тартымды әрі мазмұнды өтті.

<https://www.instagram.com/p/DENLzC4oaxS/?igsh=MXdvaGg2cWx2Zjh1bg==>

"Басты назар — бала тәрбиесі" тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды. Іс-шараны мектеп психологы **Г.Б. Китегулов** өткізді.

Пікірсайыстың мақсаты — бала тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және қоғамның рөлін талқылап, тәрбиелік бағыттағы тиімді әдіс-тәсілдер туралы ашық ой бөлісу, оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың пікірін тыңдау арқылы өзара түсіністікке қол жеткізу.

Пікірсайысқа жоғары сынып оқушылары, пән мұғалімдері және ата-аналар қатысты. Қатысушылар бала тәрбиесіндегі жауапкершілік, психологиялық қолдау, отбасылық қарым-қатынастар және мектеппен тығыз байланыс мәселелерін көтеріп, өз көзқарастарын ортаға салды. Шара қызу пікірталас форматында өтіп, тың идеялар мен ұсыныстар айтылды.

Қорытындысында бала тәрбиесінде жүйелі көзқарас пен ата-ана мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың маңызы ерекше екені атап өтілді.

<https://www.instagram.com/p/DElgaHKIwYD/?igsh=MXdkdnJ4emdqa3M4cA==>

2025 жылдың наурыз айында мектепте "Өнегелі отбасы" атты сайыс өткізілді. Іс-шараны мектеп тәлімгері **Ш.С. Өтепбергенова** ұйымдастырды.

Сайыстың мақсаты — оқушылар мен ата-аналардың арасындағы ынтымақтастықты арттыра отырып, отбасы құндылықтарын насихаттау, ұлттық тәрбиенің негізі саналатын өнегелі отбасыларды үлгі ету.

Сайысқа мектептің әр сыныбынан белсенді отбасылар қатысып, бірнеше кезең бойынша бақтарын сынады. Кезеңдерде отбасы мүшелерінің таныстырылымы, өнерлерін көрсету, сұрақ-жауап, ұлттық салт-дәстүрден хабардар болу және отбасылық жағдаяттарға байланысты тапсырмалар қамтылды.

Іс-шара өте қызықты әрі тартысты өтті. Қазылар алқасы әр отбасының ұйымшылдығын, тапқырлығын, тәрбиелік ұстанымдарын бағалады. Жеңімпаз отбасылар алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Қорытындысында сайыс отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға, оқушылардың отбасылық құндылықтарды құрметтеуіне зор үлес қосты.

<https://www.instagram.com/p/DeQWt3JN3K0/?igsh=bHg0ZXd5ZXlpdWZ2>

Мектеп директоры **А.Б. Исбусинова**

